



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

№ \_\_\_\_\_  
Астана қаласы

№ \_\_\_\_\_  
город Астана

№106/НҚ от 12.03.2025

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесіне сыйақы төлеу туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2025 жылғы 6 наурыздағы №97/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесіне сыйақы төлеу туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2025 жылғы 6 наурыздағы 97/НҚ бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітелген 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:


«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «ҒТТИ» ЖШС) Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі Ибраимов Галымжан Уалхановичке «ҒТТИ» ЖШС Бақылау кеңесінің құрамында болған нақты уақыты үшін, 2024 жылғы 22 ақпаннан 31 желтоқсанға дейін жұмыс жасаған кезеңіне 945 152 теңге (тоғыз жүз қырық бес мың жүз елу екі тенге) немесе 256 (екі жүз елу алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы төленсін.»

2. Осы бұйрық «ҒТТИ» ЖШС Жалғыз қатысушысының шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Төраға**

**Б. Оралмағамбетов**





**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

№ \_\_\_\_\_  
Астана қаласы

№ \_\_\_\_\_  
город Астана

№97/НҚ от 06.03.2025

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесіне сыйақы төлеу туралы**

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесін құру және құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2024 жылғы 22 ақпандағы №85/НҚ бұйрығына, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС Бақылау кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 10 желтоқсандағы №8 хаттамасымен бекітілген «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің корпоративтік басқару кодексінің 47-тармағына, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2024 жылғы 05 наурыздағы №116/НҚ бұйрығымен бекітілген «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС Бақылау кеңесі туралы Ереженің 12-тармағына, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі Ибраимов Галымжан Уалханович арасындағы 2024 жылғы 06 наурыздағы №01/2024 Шарттың 12 және 13-тармақтарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «ҒТТИ» ЖШС) Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі Ибраимов Галымжан Уалхановичке «ҒТТИ» ЖШС Бақылау кеңесінің құрамында болған нақты уақыты үшін, 2024 жылғы 22 ақпаннан 31 желтоқсанға дейін жұмыс жасаған кезеңіне 945 152 мың теңге (тоғыз жүз қырық бес мың жүз елу екі теңге) немесе 256 (екі жүз елу алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы төленсін.

2. «ҒТТИ» ЖШС директоры (Тойшибеков О.К.) қамтамасыз етсін:

1) «ҒТТИ» ЖШС Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесіне осы бұйрықтың 1-тармағына сәйкес сыйақы төлеуді;



2) «ҒТТИ» ЖШС Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесінің сыйақысы туралы ақпаратты корпоративтік сайтта орналастыру арқылы ашық көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық «ҒТТИ» ЖШС Жалғыз қатысушысының шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі Аэроғарыш  
комитеті төрағасы**

**Б. Оралмағамбетов**

